

Бекітемін,
«Талапты сәби» балабақшасының
менгерушісі **Ө.Әділбай**



Түркістан облысы
Жетісай ауданы
«Талапты сәби» бөбекжай-балабақшасы
(жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)
Өзін-өзі бағалау.

2023-2024 ж

**Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Жетісай ауданы,
Жетісай ауданы «Талапты сәби» бөбекжай- балабақшасы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 03 маусымда 2024 жылғы №26 Бұйрығымен құралды.

1. Ә.Б.Әділбай – балабақша меңгеруші комиссия төрайымы
2. Н.С.Бейсенова – балабақша әдіскері комиссия мүшесі
3. Г.А.Қуандықова. – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4. Г.У.Андосова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
5. Р.А.Асанова - балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Өзін –өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген PDF форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

«Талапты сәби» бөбекжай балабақшасы ЖШС-ның 2023-2024 оқу жылына оқу процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
«Талапты сәби» бөбекжай – балабақшасы»жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
туралы ақпараттық анықтама

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Жетісай ауданының «Талапты сәби» бөбекжай - балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен - жайы)	ҚР, 160500, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы ауданы Ынтымақ ауылдық округі, Талапты ауылы, Қырман көшесі № 10 үй.
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон 87473087594 электронды поштасы aykerim.adilbay@bk.ru . web-сайт: https://talapti-cabi-edu.kz/?pade_id=34
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Әділбай Әйгерім Батырханқызы, 2012 жылғы 25 тамыздағы № 02- ж/қ бұйрықпен тағайындалған.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 03.12.2012 жылы берілген. БСН-120540016961 ,
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2022 жылғы 11 желтоқсандағыдағы KZ53RVK00042892 хабарлама талоны берілген. .
7	Құрылған жылы	2012жыл
8	Типтік ғимарат	Бір қабатты типтік үлгіде
9	Топтар саны	6топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: 1 ауысым
13	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы – минутпен	1.кіші топ саны 2 тәрбиеленушілер саны 40 бала 2.Ортаңғы топ саны 2 тәрбиеленушілер саны 50 бала 3.ересек тоа саны 2, тәрбиеленушілер саны -50 бала
14	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 100 балаға арналған. 10.06.2020 жылы 100 балаға № X.17.X.KZI7VWF00027982 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. 23.06.2020ж100 балаға № X.17.X санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

**Түркістан облысының білім басқармасының
Жетісай ауданының білім бөлімінің
«Талапты сәби» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің өзін-өзі бағалау қорытындысының мазмұны**

1. ЖШС «Талапты сәби» бөбекжай-балабақшасы» туралы мәлімет.
 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.
 3. Оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.
 4. Оқу-материалдық активтері «Талапты сәби» бөбекжай-балабақшасының
- 2023-2024 оқу жылындағы материалдық-техникалық базасының сараптамасы.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту біліктілігі бар мамандардың болуы
 6. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау.
 7. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.
 8. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.
 9. Білім, білік, дағдысын меңгеру бойынша мониторингінің, жеке даму карталарының болуы.
 10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары деңгейіне қойылатын талаптар.
 11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар
 12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар
 13. Кемшіліктер мен ескертулер
 14. Қорытынды
- Бағаланатын кезеңде балабақша басшысымен бекітілген оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар, перспективалық жоспарлар мен циклограммалар, мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мониторингісінің, жеке даму карталарының, зияткерлік конкурстарының мадақтама көшірмелері, жас топтарына сәйкес бала контингентінің тізімі, бейнематериалдар (баланың жеке, зияткерлік, әлеуметтік, эмоцияналдық дамуын қамтамасыз ету бойынша) медициналық лицензия көшірмесі қоса берілді.

2023-2024 жылдың желтоқсан айының 01 күнінен бастап ҚР Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 26-шы ақпандағы № 385 бұйрығының 7-8 тармақтарына сәйкес балалар топтарға топтастырылды.
2023-2024 оқу жылындағы топтар:

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Балапан» кіші топ	1-2 жастан бастап	20
2	«Ботақан» 2-кіші топ,	2 жастан бастап	20
3	«Балауса» ортаңғы топ	3 жастан бастап	25
4	«Тұлпар» ортаңғы топ	3 жастан бастап	25
5	«Балдырған» ересек топ	4 жастан бастап	25
6	«Аққу» ересек топ	4 жастан бастап	25
	Барлығы		140

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Балабақшаның 2023-2024 оқу

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру

әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ортаңғы, ересек топтарда аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеттері

«Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

«Талапты сәби» бөбекжай балабақшасы ЖШС –ның 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	"Балапан" «Ботақан» кіші тобының (2 жастағы балалар)		«Балауса» «Тұлпар» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар)		«Аққу» «Балдырған» ересек топ (4 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3		3		3
	Дене шынықтыру**	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Қазақ тілі	-	-		1		1
	Қазақ тілі ***	-	-	күн сайын		күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
5	Сурет салу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
	Жапсыру	күн		күн		күн	

		сайын		сайын		сайын	
	Құрастыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
6	Музыка		1		1		2
	Музыка***	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
7	Барлығы:		4		5		6

**Топтардың 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу
қызмет кестесі**

**«Аққу» ересек тобының (4 жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылына арналған
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырыл ған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
		Музыка			

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

**«Балдырған» ересек тобының (4 жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
		Музыка			

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

**«Балауса» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

**«Тұлпар» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі**

<i>Апта күндері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

**«Балапан» кіші тобының (2 жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

<i>Апта күндері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	күн сайын

**«Ботақан» кіші тобының (2 жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	күн сайын

Бағаланатын кезеңге арналған топтардың оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары . ұйымдастырылған оқу іс –әрекет кестесі мен күн тәртібі балабақшаның https://talapti-cabi-edu.kz/?pade_id=34 сайтына сайтына жүктелді

:

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

«Талапты сәби» бөбекжай балабақшасы жекеменшік шектеулі серіктестігінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізілді.

2023-2024оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыста түзету жұмыстар жүргізілуде (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

2023-2024 оқу жылында мониторинг 140 баламен жүргізілді

Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші топ	20	7(35%)	7 (35%)	6(30%)
2	«Ботақан» кіші топ	20	7(35%)	7 (35%)	6(30%)
3	«Балауса» ортаңғы топ	25	7(28%)	8 (32%)	10(40%)
4	«Тұлпар» ортаңғы топ	25	7(28%)	8 (32%)	10(40%)
5	«Балдырған» ересек топ	25	4(16%)	10(40%)	11(44%)
6	«Аққу» ересек топ	25	4(16%)	6(24%)	15 (60%)
	Барлығы	140	36 (26%)	46(33%)	58(41%)

Аралық бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші топ	20	3(15%)	7 (35%)	10(50%)
1	«Ботақан» кіші топ	20	3(15%)	7 (35%)	10(50%)
3	«Балауса» ортаңғы топ	25	4(16%)	8 (32%)	13 (52%)
4	«Тұлпар» ортаңғы топ	25	4(16%)	6(24%)	15(60%)
5	«Балдырған» ересек топ	25	3(12%)	6(24%)	16 (64%)
6	«Аққу» ересек топ	25	3(12%)	6(24%)	16 (64%)
	барлығы	140	20(14%)	40(28%)	80 (58%)

Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші топ	20	2(15%)	7 (35%)	11(50%)
1	«Ботақан» кіші топ	20	2(15%)	7 (35%)	11(50%)
3	«Балауса» ортаңғы топ	25	5(16%)	6 (32%)	14 (52%)
4	«Тұлпар» ортаңғы топ	25	5(16%)	6 (32%)	14 (52%)
5	«Балдырған» ересек топ	25	3(16%)	5(24%)	17(60%)
6	«Аққу» ересек топ	25	3(16%)	6(20%)	16 (64%)
	Барлығы	140	20(14%)	37(26%)	83 (60%)

Жалпы балабақша бойынша:


Бастапқы: I деңгей- 36 (26%) II деңгей- 42(33%) III деңгей- 58(41%)

Аралық: I деңгей- 20 (14%) II деңгей- 40 (28%) III деңгей-80 (58%)

Қорытынды: I деңгей- 20 (14%) II деңгей- 37 (26%) III деңгей- 83 (60%)

2023-2024 оқу жылының қорытынды мониторингтің көрсеткіші -бастапқы мен аралық көрсеткіштен әлдеқайда жоғарылағаны байқалады. Бұл нәтижеге балалармен жеке жұмыс жүргізілу арқасында қол жеткізілді.

2023-2024 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды диагностикалық мониторингтің диаграммасы (бала саны мен пайызы бойынша көрсеткіші)



3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

«Талапты сәби» бөбекжай-балабақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналардың баланың тұлғасының қалыптасуында және оның қабілеттерін дамыту;

- балалардың жас физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олардың дамуына әрекет жасау;

- балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда денсаулықты сақтау тәсілдерін қолдану;
- баланы даму деңгейіне мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйым қызметіне инновациялық қолдау көрсету;
- оқытудың тұтастық, сабақтастық, үздіксіздік ұстанымдары келесі бөлімде бұрын игерген білімді бекітуді, кеңейтуді және тереңдетуді жалғастыратын білім беру салаларының бөлімдерінің арасындағы байланыс;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесін интерактивті құру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мазмұнына мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқыту және дамыту бағдарламаларын негізге алып, ресурстар кіретін интерактивті жабдықтармен жұмыс жүргізу. Бұл технологиялар балалардың логикасының, ойлауының, сенсорлық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы іске асыру үшін педагогтар «Оқулықтардың, оқу әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің қорын құру. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Осы міндеттерді орындау мақсатында ««Талапты сәби»» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының бағыттары, мақсат-міндеттері мына төмендегіше құрылды:

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік құндылық бағдарын адамның оң мінез-құлқы, нормасы, тәртіптік ережесі, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру.

Міндеті:

«Физикалық қасиеттерді дамыту.

- Балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру.
- Балаларды ата-аналарымен салауатты өмір салтына тарту.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру және Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

- Балалардың адамгершілік құндылығын оң мінез-құлқын тәртіптік ережелерін қалыптастыру. Қоршаған ортамен таныстыру.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту және балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

- Мемлекеттік тілдің базалық құндылықтарын меңгерту; Мектеп жасына дейінгі көптілді тұлғаны тәрбиелеу.
- Балаларға Отансүйгіштік, елжандылық ұғымдарын қалыптастыру.
- Мектеп жасына дейінгі сезімдік эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілеті елестетуін дамыту.

2023-2024 оқу жылында әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарын жасап жоспарға сәйкес жұмыс жүргізу балабақша әдіскері Ө.Әділбай міндеттелді. Педагог кадрлардың іскерлік дағдыларын арттыру, біліктілігін көтеру және ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Стандарт талаптарын орындауда күн тәртібі, оқу жоспарын құрылды. Барлық топтың перспективалық жоспарлары өтпелі тақырыптар негізінде жасалынды. Білім беру салаларына сәйкес оқу қызметтеріне қажетті дамытушы орталықтар толықтырылды. Балабақшада дамытушы орталықтарды, құралдарды толықтыру мақсатында ұлттық бұрыш, денсаулық бұрышы, табиғат бұрышы жасалынып, толықтырылды. Барлық топтарда таңғы жаттығу, жыл мезгілдерінің, ойын, серуендердің картотекалары жаңартылды. Оқу жылында айына бір реттен кем емес педагогтарға әдістемелік кеңестер беріліп отырды.

«Мектепке дейінгі жастағы балалардың мнемотехника әдісін қолдана отырып тіл байлығын арттыру» тақырыбында тәрбиеші Жанаева Гүлмира материалдар жинақтап, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Шынтаева Фариза «Балалардың балабақшадағы өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында педагогикалық кеңесте баяндама жасады. Педагогикалық кеңесте балабақшаның күн тәртібінің бір бөлшегі ретінде қарастырылып, күннің екінші жартысында үнемі қолдануды тапсырды. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін арттырып отыру балабақшада алға қойылған жүйе.

Сонымен бірге өзекті мәселе балалардың тілін дамыту бойынша да балабақша ұжымы жүйелі жұмыс істеп келеді. Жылдық жоспар міндеттеріне сай 2 педагогикалық кеңестің күн тәртібі коммуникативтік дағдыларды қатынас білім беру дағдыларын меңгеру бойынша баяндамалар мен тақырыптық тексеруге негізделген. Тексеру қорытындысы бойынша тәрбиешілердің тіл дамыту жұмыстары анықталып, ескерту мен ұсыныстар берілді. Топтарды кітап бұрышы, коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған бұрыштар жасақталды.





Жыл бойы балалардың талқылау мен мазмұндауға деген ынтасы, көркем әдебиет пен драмалауға қызығушылығы байқалды. Бөбекжай-балабақшада атаулы күндер мен мемлекеттік мерекелерге арналған музыкалық-әдеби және театралдық кештер өткізу игі дәстүрге айналды.

Тұжырым.Балалардың коммуникативтік-тілдік дағдыларын дамыту бойынша тәрбие-білім беру процесінің мазмұны, жоспарлау, ұйымдастыру МЖБС сәйкес келеді.

Сонымен бірге әлсіз жақтары: мектеп жасына дейінгі ересек балалар шығармашылық әңгіме құрастыруда қиналады, қиялдау қабілетін әлсіз көрсетеді.

Балаларды адамгершілік –патриоттық рухта тәрбиелеу балабақша педагогтары- ның негізгі мақсаттарының бірі. Балалардың қоғамда өзін ұстау, үлкендерді сыйлау мақсатында «Сен өз өлкеңнің тарихын білесің бе?» тақырыбында ашық оқу іс әрекеттері өткізіліп , ескерткіштерге серуендер ұйымдастырылды.



Бөбекжай-балабақшада *адамгершілікті-ұлтжанды тәрбиелеу* белсенді жүзеге асырылды. Балалардың бәрі Қазақстан Республикасының рәміздерімен танысты. ҰОҚ, ойында, әңгімелесуде, балалардың шығармашылық қызметінде республиканың көпұлттылығы, халықтар арасындағы достық, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық костюмдер, музыка және т. б. туралы білімді нығайтуға және кеңейтуге ерекше көңіл бөлінді.

Қорытынды:

«Талапты сәби» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді. Педагогтар аудан көлемінде ұйымдастырылып өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметі, семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз құзыреттіліктерін көтереді, өзіндік білім көтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалар мен қосымша білім беру бағдарламаларын қолданады. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Балабақшадағы психологиялық және эмоционалдық жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстарды ұйымдастырылады.

Мекемедегі тамақтандыруды ұйымдастыру және медициналық қызмет көрсету өз деңгейде жүргізіледі. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік материалдық базасы жеткілікті жабдықталған.

Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді. Әкімшілік тарапынан функциялар дұрыс бөлінген, мекемедегі микроклимат өте жақсы

ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

1.«Талапты сәби» бөбекжай - балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өзіндік бағалау мектеп жанынан ашылған шағын орталық тәрбиеленушілерінің «Талапты сәби» бөбекжай - балабақшасына орналасуына байланысты 2024 маусым айының 03-050 аралығында өтті.

2.Мектепке дейінгі ұйымда көңіл-күй мен психологиялық жағдайды қалыптастыру және балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті. Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытә моделін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 15 наурызындағы №137 қаулысында көрсетілген дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін кеңінен ұйымдастыру:

-педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін деп сараптауға кеңестер өткізу;

-оқу қызмет барысын ұйымдастыруда педагогтар жаңа технологияларды пайдалану, балаланың дамуына тың мүмкіндітер жасау;

-көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіп жоспар жасау;

«Талапты сәби»бөбекжай-балабақшасы білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттының талаптарына сәйкес келеді деп бағаланады.

1. Ә.Б.Әділбай – балабақша меңгеруші комиссия төрайымы

2. Н.С.Бейсенова – балабақша әдіскері комиссия мүшесі

3. Г.А.Қуандықова. – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі

4. Г.У.Андосова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі

5. Р.А.Асанова - балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі